

## Мәслихаттың кейбір нормативтік-құқықтық актілеріне толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе аудандық мәслихатының 2009 жылғы 2 наурыздағы N 10-5 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданы әділет басқармасында 2009 жылғы 10 наурызда N 7-9-76 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе аудандық мәслихатының 2009 жылғы 22 желтоқсандағы N 16-7 шешімімен.

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе аудандық мәслихатының 2009.12.22 N 16-7 Шешімімен.**

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңын, Қазақстан Республикасының Бюджет Кодексінің 13 бабын, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" Заңының 36 бабының 1 тармағын басшылыққа ала отырып аудандық мәслихат сессиясы **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Аудандық мәслихаттың "2009 жылға арналған аудандық бюджет туралы" 2008 жылғы 20 желтоқсандағы N 9-2/1 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді Мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 7-9-70 ретпен 5 ақпан 2009 жылы тіркелген, "Қаратөбе өңірі" газетінің 2009 жылғы 2 қаңтардағы N 1, 2 санында жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

1 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. 2009 жылға арналған аудандық бюджет 1 қосымшаға сай келесі көлемде бекітілсін:

- 1) Кірістер - 1 105 425 мың теңге;  
оның ішінде салықтық түсімдер – 126 707 мың теңге;  
салық емес түсімдер – 2 084 мың теңге;  
негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0;  
трансферттен түсетін түсімдер – 976 634 мың теңге;
- 2) Шығындар – 1 105 425 мың теңге;
- 3) Таза бюджеттік несиелендіру – 0;  
оның ішінде бюджеттік несиелер – 0;  
бюджеттік несиелерді өтеу – 0;
- 4) Қаржылық активтермен болатын операциялар бойынша сальдо – 0;  
оның ішінде қаржы активтерін сатып алу – 0;

мемлекеттік қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0;  
5) Бюджет тапшылығы (профициті) – 0;  
6) Бюджет тапшылығын (профицитін пайдалану) қаржыландыру – 0;  
қарыздар түсімі – 0;  
қарыздарды өтеу – 0;  
бюджет қаражаты қалдықтарын пайдалану – 0;"

2. Аудандық мәслихаттың "Аудан бойынша 2009 жылға арналған кәсіпкерлік қызмет түрінің тізбесі мен базардан алынатын бір күндік алым мөлшерін бекіту туралы" 2008 жылғы 20 желтоқсандағы N 9-8 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 7-9-71 ретпен 5 қаңтар 2009 жылы тіркелген, "Қаратөбе өңірі" газетінің 2009 жылғы 23 қаңтардағы N 4 санында жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

Көрсетілген шешіміне қосымшада:

1) 3 тармақ алынып тасталсын.

3. Осы шешімнің 1 тармағы 2009 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

4. Осы шешімнің 2 тармағы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрайымы*

*Аудандық мәслихат хатшысы*

*М.Дошанова*

*Т.Сагинов*